

Ұлттық валютаны (тенгені) еркін айналыстағы валютаға басымдықпен айырбастау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 16 ақпан 1994 ж. N 61-е

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің ұлттық валюта - тенгені демеу мақсатында Қазақстан нарығын тұтыну тауарларымен молықтыру бағдарламасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Түркиядағы Сауда үйін тарту жөніндегі ұсынысы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Түркиядағы Сауда Үйі импорт бойынша 50 млн. АҚШ доллары сомасында осындай тауарларды сатып алуды жүзеге асырсын, оған тиісті кепілдіктер берілсін.

3. Қазақстан Әлем банкі Қазақстан Республикасының Қаржымині кепілдігімен Қазақстан Республикасының Түркиядағы Сауда үйінің келісімдер мен контрактілер жасасуы үшін кепіл беруші болсын.

4. Валюта биржасы, республиканың уәкілдік алған банкілері Қазақстан Республикасының Түркиядағы Сауда үйінің жасасылған контрактілер мен келісімдер бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған ұлттық валютаны (тенгені) еркін айналыстағы валютаға басымдықпен айырбастап беруді жүзеге асырсын.

Премьер-министр